

Тіркелген жиынтық салықтың ең төменгі базалық ставка мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 3/5-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 11 қаңтарда N 5-10-54 тіркелді. Күші жойылды - Жарма аудандық мәслихатының 2009 жылғы 13 ақпандағы N 11/10-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жарма аудандық мәслихатының 2009.02.13 N 11/10-IV шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы және Жарма ауданы бойынша салық комитетінің 2007 жылғы 27 қарашадағы № 5624 ұсынысы негізінде Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойын ойнауға арналған жеке компьютерлер үшін: Ойын ойнауға арналған 1 жеке компьютерге тіркелген жиынтық салықтың ең төменгі мөлшері, 1 жылға 10 айлық есептік көрсеткішпен есептелсін.
2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланғаннан бастап, 10 күннен кейін күшіне енеді.

Сессия төрағасы:

О.Әділбаев

Мәслихат хатшысы:

Д. Садықов